



«Болашақ» Бестамақ балалар- бақпасы

Тексерілді 
Балабақша әдіскері
Уразалына Г.Б

Бекітемін 
Балабақша меңгерушісі
Курманова Л.Б

«Туған өлкем –Ақтөбе»

Тәрбиелік іс-шары
«Балбөбек» ересек тобы

Тәрбиеші :Габдуллина Ж,Е

Қыркүйек -2022 жыл

Тақырыбы: «Туған өлкем- Ақтөбе»

Міндеті: Балаларға туған өлкесі туралы түсінік беру. Ақтөбе қаласының көрікті жерлерімен таныстыру. Туған жеріне, еліне сүйіспеншілігін арттыру, ондағы өсімдіктерге, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелей отырып, балалар бойына патриоттық сезімін ояту.

-Сәлеметсіздер ме қонақтар !

-Балалар біз қай елде тұрамыз!

Балалар: Қазақстанда.

Тәрбиеші: Олай болса мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын : «Кім жылдам»

Міндеті : Доп лақтыру арқылы қалалардың аттарын тауып айтады.

Тәрбиеші: Қай қалада тұрамыз?

Балалар: Ақтөбе қаласы

Тәрбиеші: Әр қаланың өз елтаңбасы бар. Ақтөбенің де ел таңбасы бар. Мына таңбалардың ішінен Ақтөбенің елтаңбасын тауып беріңдерші. Жарайсыңдар, қане олай болса елтаңбамызды жанына Ақтөбе қаламыз туралы бейнебаянды тамашалайық.



Тәрбиеші: Балалар Ақтөбе туралы кім тақпақ біледі?

Ақтөбе – биік қалам, бар қаладан,
Табиғатың ерекше ғой, жан қалаған.
Өлкемізге қонақтаған әрбір адам,
Бойына күш-қуат алар кең даладан.
Қонақжайлы халқы бар құтты мекен,
Ақтөбеме АЛПА өзі нұрын төккен.
Тату достық, ынтымақпен бірлікте,
Қаншама ұлт, бір жиналған ұлы мекен.
Мекен еткен Ақтөбеме жыр арнадым,
Жүрегімнен төгіледі жырлар ағын.
Көркіне көз тоймайтын Ақтөбемнен,
Сәл алысқа ұзап кетсем сағынамын.
Ақтөбем өсе, берсін өркендесін,
Білігінде тұрсыншы бар қаланың!

Кәусар

Аралдық Ақтөбенің бақтарын
Әр балаға ұғындырып білгенін
Тәрбиеші тыным таппай жүргені
Үлкен бақыт бақша үшін шыңында
Сәбилердің туған жерін сүйгені.

Сабыржан

Отбасынан басталар Отан деген
Отан десе ол менің анам дер ем
Ана ауулы әркімге аялаған
Бақыттымыз туған жер – атамекен.

Айтзере

Ақтөбенің табиғаты, байлығы
Ерлігімен, елдігімен саналы
Сүйсе сәби туған жер, Ақтөбені
Отаншылдық осыдан басталады

Жанерке



Тәрбиеші: Балалар бізге біреу келе жатқан сияқты. Кім болды екен?
Осы кезде барыс кіреді.
Сәлеметсіздер ме достарым
Бейбітшілік пен мейірімділік
Ел таңбасы мен боламын
Өз елімнің күштісімен білікті
Ақтөбені қорғап жүрер мен өзім
Қаланың қақпасын мен ашармын.



Балалар мен сендерге жай келген жоқпын, тапсырма ала келдім.
Тәрбиеші: балалар барстың тапсырмасын орындауға дайынсындар ма?

-Балалар дайынбыз.

Тәрбиеші: Туған жер туралы мақал – мәтелдерімізді айтайық.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас

Әли

Туған жердің күніде ыстық,
Туған жердің түніде ыстық

Ихсан

Туған жерге туынды тік.
Туған-жердің тасы да таныс.

Назерке

Туған жер Алтын бесік.

Дінмұхаммед


Туған жердің ауасы да шипа
Туған жердің жуасы да тәтті .

Айзере.



-Ақтөбем туған өлкем! кітап бұрышына қарайық .

Ақтөбе қаласы Бестамақ ауылы Есет батыр ауылы деп аталады.Бестамақ аулымызда Есет Көкіұлы Тама Есет батырдың кесенесі ,мұражайы бар.Биыл Есет батыр атамыздың 355 жыл толу мерейтойын тойладық .Ақтөбе қаласында хобби ауданында Алия Молдағұлова апамыз совет одағының батыр апамыз дүниеге келген .



Балалар батыр ата апаларымызға арнап батырлар бийін билеп берейік.

Би : «Батырлар»



Ойын : «Күннің шуағы»

Міндеті : Шеңбер жасап тұрып ,күннің шуағын ұстап тұрып тілектерімізді айтайық .



Әр адамның туган жері өзіне қымбат, қаласы да даласы да сондай.Әрбір перзент туган жеріне, өлкесіне, Отанына қарыздар.